

Н.С. Нуркашева^{*1}, А.Д. Кукиев²

¹«Нархоз» университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

*E-mail: aaa760148@gmail.com

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН БАСҚАРУДАҒЫ БЮДЖЕТТЕУ ЖҮЙЕСІ

Бұл мақалада құрылыс ұйымдарында бюджеттеуді жүзеге асырудың негізгі сұрақтары мен мәселелері қарастырылған. Өртүрлі қызмет өрісінде материалдық және қаржылық ресурстарды тиімді басқаруды арттыру мақсатында, сонымен қатар сыртқы экономикалық бизнес шешімдерді қабылдау үрдісін оңтайландыру мен бұл шешімдердің (жағымды және жағымсыз) нәтижелерін бағалау мақсатында бюджеттеу технологиясы қолданыла бастады. Соған байланысты бюджеттеу – бұл нәтижесі бюджет жүйесімен рәсімделетін ұйымның болашақ қызметін жоспарлау үрдісін айтамыз. Бюджеттеуді тәжірибеге ендіру басқарудың орталықтанған және тиімді жүйесін қалыптастыруға негіз бола алады. Әлемнің дамыған елдерінде бюджеттеу тәсілдерін кеңінен қолдану қалыпты жағдай болып саналады, соңғы жылдары ҚР-дың кейбір алдыңғы қатарлы ұйымдарында да ендіріле бастады. Бұл жерде ең маңыздысы бюджеттеу жүйесін қалыптастыруда басқарудың тиімділігін жоғарылатуға алып келетін басқарушылық және ақпараттық технологиялардың өзара байланысы талап етіледі.

Түйін сөздер: бюджеттеу, смета, экономикалық тиімділік, құрылыс өндірісі, қаржылық жоспарлау, қаржылық талдау, басқарушылық және ақпараттық технологиялар.

N.S. Nurkasheva, A.D. Kukiev

Budgeting system in the management of the construction industry

This article discusses the main issues and problems in the implementation of budgeting building organizations. To improve the efficiency of material and financial resources, to optimize decision-weighted cost of business – making and evaluation of the possible consequences of these decisions (both positive and negative) of any industry using this technology as budgeting. Thus, budgeting the process of planning the future of the company, the results of which are made out budget system. Implementation of Budgeting helps to create a complete and sufficiently effective management system. The presence of the budgeting procedure is the norm for any company in the developed world, and in recent years has been widely promoted in the Republic of Kazakhstan enterprises. Very important is the fact that the creation of the budgeting system requires the integration and management of information technology, leading to better governance.

Key words: budgeting, cost estimates, cost-effectiveness, production of construction, financial planning, financial analysis, management and information technology.

Н.С. Нуркашева, А.Д. Кукиев

Система бюджетирования в управлении строительной отрасли

В этой статье рассматриваются основные вопросы и проблемы осуществления бюджетирования в строительных организациях. Для повышения эффективности управления материальными и финансовыми ресурсами, оптимизации процесса принятия экономически взвешенных бизнес-решений и оценки возможных последствий этих решений (как положительных, так и отрицательных) компании любой сферы деятельности используют такую технологию, как бюджетирование. Таким образом, бюджетирование – это процесс планирования будущей деятельности

предприятия, результаты которого оформляются системой бюджетов. Внедрение бюджетирования помогает создать целостную и достаточно эффективную систему управления. Наличие процедуры бюджетирования является нормой для любой компании в развитых странах мира, и в последние годы широко внедряется на предприятиях РК. Очень важным является и то, что создание системы бюджетирования требует интеграции управленческих и информационных технологий, что приводит к повышению эффективности управления.

Ключевые слова: бюджетирование, смета, экономическая эффективность, строительное производство, финансовое планирование, финансовый анализ, управленческие и информационные технологии.

Кіріспе

Қазақстанның құрылыс саласында бюджеттендіруді жетілдіру көптеген құрылыс ұйымдары үшін өзекті мәселе болып саналады. Ұйымның кірістері мен шығыстарын қалыптастыруды басқарудың тиімді жүйесі арқылы ұйым қызметінің экономикалық тиімділігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, сондай-ақ сыртқы факторлардың әсеріне жедел жауап беру мүмкіндіктеріне ие болуға болады.

Құрылыс саласы қазіргі таңдағы Қазақстан экономикасындағы барынша қарқынды дамып келе жатқан сала. Жаңа өнімдер мен жаңа технологиялардың пайда болуына ықпал ететін ғылыми-техникалық прогресс капитал бағасының арзандауына ықпалын тигізеді.

Құрылыс – өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы негізгі қорларды жасау жөніндегі қызмет. Жаңа құрылыстарды салу және қолданыстағыларды өзгерту, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын жасау болып табылады.

Ғылыми мақаланың мақсаты – құрылыс саласының инновациялық даму жағдайын қамтамасыз ету мен бәсекелестік қабілеттілігін арттыру мақсатында бюджеттеу жүйесінің маңыздылығын аша отырып, оны қалыптастырудың әдістемелік негіздерін және тәжірибелік мәнін жетілдіру болып саналады.

Зерттеу әдістері және материалдары. Ғылыми мақаланы орындау барысында зерттеудің теориялық негіздері ретінде отандық және шетелдік ғалымдар мен тәжірибешілердің ұйымдағы бюджеттеу, соның ішінде құрылыс саласындағы бюджеттеу мәселелеріне арналған еңбектері мен әдістемелік ұсынымдары, «Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы қолданылды.

Әдістемелік база ретінде жылпы ғылыми қағидалар мен әдістер, абстрақтылық-логикалық, статистикалық-экономикалық тәсілдер пайдаланылды.

Зерттеу барысында ұсынылып отырған тұжырымдамалар құрылыс ұйымдарының тәжірибесінде бюджетті қалыптастыруда, сонымен қатар тиімді басқару шешімдерін қабылдауды жетілдіруде, сондай-ақ жоғары оқу орындарының студенттеріне дәріс оқу үрдісінде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелері. Елбасының «Қазақстан 2030» Стратегиялық бағдарламасының елімізде құрылыс саласын дамытуда бәсекелік қабілеттілігін арттыру маңыздылығы уақыт өткен сайын айқын аңғарылады. Құрылыс жобаларын жүзеге асыру өңірлердегі индустриялық-инновациялық дамуға жаңа серпін берумен бірге, экспорттық мүмкіндікті арттырса, халықтың энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу мен индустриялық аймақ құруға қатысты мәселенің оң шешілуіне бірден-бір негіз қалап отыр. Жоспарлау функциясы бюджеттің маңызды міндеттерінің бірегейі болып саналады. Бюджеттеу ұйым ішіндегі жоспарлаудың негізі болып саналады. Ұйымның стратегиялық мақсаттарына байланысты бюджет ұйымның меншігіндегі қаржылық ресурстардың бөлінуі бойынша міндеттерді атқарады. Бюджетті дайындау барысында ұйымның болашақ үшін таңдап алынған мақсаты мен міндеттерінің сандық көрінісімен анықталады және барлық шығындар мен нәтижелер ақшалай өлшеммен көрсетіледі. Бюджеттеу ұйымның мақсатын және бизнестің стратегиясын нақты әрі дұрыс анықтауға мүмкіндіктер береді.

Бақылау функциясы ұйым үшін де маңызды болып табылады. Өйткені, жоспардың орындалуына тиімді бақылау жүзеге асырылмаса, ол қанша жақсы болғанымен де, өзінің құндылығын жояды. Демек, ұйымның бюджеті оның қызмет нәтижесін бақылау кезінде қолданылатын көрсеткіштер мен өлшемдердің жиынтығын білдіреді. Бюджеттік жоспарлау ұйымның бюджетпен болжамдалған қызметтердің ауытқуын анықтауға және оларды қайта қарастыруға мүмкіндіктердің алдын ашады [10].

Дегенмен де, әрбір ұйымда қаржылық жоспарлаудың объектілеріне, сондай-ақ қаржылық

және қаржылық емес мақсатарына байланысты бюджеттеудің өзіндік атқаратын қызметтері мен міндеттері болуы мүмкін. Соған байланысты әрбір ұйым тиімді басқару мақсатына қарай

бюджеттеудің арнайы технологиясын қолдануы ықтимал. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде біз, бюджетті дайындаудың жалпы қабылданатын қағидалық сызбасын ұсынып отырмыз (1-сурет).



1-сурет – Бюджеттеудің жалпы қабылданған сызбасы

Бюджеттеудің нақты функцияларын ұйымның мақсаты мен міндеттерінен туындайтын ұйым басшысы тағайындаған көрсеткіштер жүйесінен орын алады. Осыған байланысты бюджеттеу жүйесі қызмет бағыты бірдей кәсіпорындар мен ұйымдарда әртүрлі болуы мүмкін. Ұйымның мақсаты мен стратегиясына байланысты бюджеттеу жүйесінде мақсатты және бақылаушы сипаттағы әртүрлі қаржылық көрсеткіштер қалыптасады. Демек, ұйым қалыптастыратын бюджеттің түрлері мен үлгісі нақты бақылаушы көрсеткіштерге сәйкес келуі тиіс. Осыған орай, бюджеттеудегі маңызды мәселе – бұл бизнестің тиімді даму бағытын қалыптастыра отырып, оның қазіргі уақытта даму жағдайын және болашақтағы мүмкіндіктерін анықтау арқылы, ұйымның қаржылық өрісінде басқару шешімдерін таңдау мен қабылдауға тиімді алғышарттар қалыптастыру болып саналады.

Тәжірибеде ұйымдар мен кәсіпорындарда бюджет ұйымның мақсаты мен міндеттерінен туындайтын жедел жоспарлаудың негізінде жүзеге асырылады. Соған нәтижесінде, бюджеттеудің маңызды мақсатының бірі – ұйымның өндірістік-коммерциялық үрдістерін қажетті мөлшерде және құрамда ақшалай ресурстармен қамтамасыз ету деп түсіндіруге болады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бюджеттеудің төменде көрсетілген міндеттері орындалуы қажет деп санаймыз:

- ағымдағы жоспарлауды қамтамасыз ету;
- ұйымның және оның бөлімшелерінің қызметтерін жүйелеу, өзара байланыстарды орнату;
- ұйымның шығындарын экономикалық негіздеу;
- ұйымның жоспарын бағалау және бақылау үшін базаны қалыптастыру;
- заңдар мен келісімшарттардың талаптарын орындау.

Қазіргі экономикалық жағдайда басқа да ұйымдар сияқты, құрылыс саласындағы ұйымдар үшін бюджеттеу күрделі мәселе болып отыр. Оның күрделілігі мынада, яғни кішігірім ұйымдардың өзінде бюджет ортақ жүйеге келтірілген сомалар мен баптардан тұратын ауқымды көрсеткіштерден тұрады. Бюджет негізінде құрамында жұмыстың түрлері мен орындау мерзімі, келісім шарттың талаптары көрсетілмеген жалпылама жасалынған құжат болып саналады. Бюджетті дайындаудың негіздемесі болып әртүрлі алғашқы құжаттар (келісім шарттар мен қосымшалар, сметалар мен қызметті ұйымдастырудың кестелері және т.б.) саналады. Бюджеттің баптары да өте ауқымды болып саналады. Демек, құрылыс өндірісінің технологиясына байланысты сметалар мен шығындардың калькуляциясын қайта қарастыратын жағдайлар кездесіп отырады. Мәселен, құрылыс компаниясында белгілі бір келісім шартқа байланысты бюджетті түзетудің қажеттілігі туындауы мүмкін. Яғни, келісім шарт бойынша жұмыстың орындалу мерзімі белгіленіп қойылған жағдайда оның мерзімін ауыстыру немесе қаржыландырудың кезеңін өзгерту мәселелері қайта қарастырылады.

Қазіргі уақытта көптеген құрылыс компаниялары бюджеттеу жүйесін тұрақты жолға қоюға талпыныстар жасауда, бірақ мұндай қызметті жүзеге асыру үшін ұйымға тек бюджетті дайындаумен ғана айналыспайтын, сонымен қатар оның өзекті мәселелерін шешумен айналысатын тәжірибелі мамандар қажет. Құрылыс ұйымдарында белгілі бір өзекті келісім шарттан туындайтын өзгерістерді енгізу қажет болған жағдайда, жоғарыда айтып өткеніміздей, өзгерістерді енгізу, түзету өте ауқымды және көп уақытты талап ететін жұмыс болып саналады. Ал ұйымдарда бюджетті дайындаумен айналысатын тәжірибелі мамандардың болмауынан, бұл жұ-

мыстардың орындалуын көпшілік жағдайда ұйымның басқа бөлімшелеріне, соның ішінде есеп бөліміне артық жұмыс ретінде артып қоятын жайттар кездесіп отыратыны бәрімізге мәлім. Көптеген құрылыс ұйымдары бюджетті құрумен және оны үнемі өзекті деңгейде дамытып отырумен айналысатын экономистерді тұрақты деңгейде қызметке алмағандықтан, нәтижесінде бюджетті дұрыс құру өз орнын таппай келеді.

Құрылыс компаниясын тиімді басқаруда және шығындардың дұрыс жұмсалыуына арнайы маманданған бөлімше ретінде бюджетті дайындау тобының немесе бөлімінің қажеттілігі туындап отырғанын тілге тиек еткізіміз келеді.

Қорытындылай келе, құрылыс нарығының негізгі ойыншысы болып табылатын құрылыс компаниясының бәсекеге қабілеттілігін объективті бағалау, оның нарықтағы орнын дәл айқындау, кәсіпорын басшылығының бәсекеге қабілеттілікті оңтайлы басқаруды ұйымдастыру және құрылыс ұйымының бәсекеге қабілеттілігін тиімді бюджеттеу жүйесін жасау арқылы бәсекеге қабілеттілікті басқаруды жетілдіру қажет. Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы интеграциялық үрдістерде терең және жан-жақты ықпалдасуы жағдайында отандық құрылыс компанияларының өркениетті де аса қатаң бәсекелестік күреске дайын болуы бүгінгі күннің өзекті мәселесі екені анық және бұл мәселені әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы шешуге болады, соның ішінде құрылыс саласындағы бюджеттеу жүйесінің алатын орны өте маңызды болып табылады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде құрылыс ұйымдарының басқару жүйесіндегі бюджеттендірудің ұйымдық және экономикалық аспекті-

лері қарастырылып, саланы дамыту мақсатында басқару шешімдерін тиімді қабылдау үшін, сонымен қатар ұйымның әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінің өзара байланысын тиімді қалыптастыруда бюджеттеудің негізгі орны мен рөлі анықталынды. Зерттеу барысында бюджеттеу ұйымның және оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметін кешенді жүйелендіру арқылы экономикалық тиімділігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуші тәсіл екені анықталынды. Демек, біз құрылыс ұйымдарында бюджеттеу жүйесін қалыптастыра отырып, мынадай мәселелерді шешуге болатынын анықтадық:

– біріншіден, ұйымда және оның құрылымдық бөлімшелерінде стратегиялық және тактикалық мақсаты орындауда басқару тиімділігін арттыруға;

– екіншіден, ұйымның ортақ мақсатына қол жеткізу үшін ұйымның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін тығыз байланыста жүзеге асыруға;

– үшіншіден, ақпараттық жүйені жақсарту мен басқару шешімдерінің жеделдігін арттыруға;

– төртіншіден, құрылыс ұйымның экономикалық тиімділігі мен бәсекелестік қабілеттілігін арттыруға.

Демек, құрылыс саласында бюджеттеу жүйесін кеңінен қолдану тек жалпы бизнестің нәтижесіне әсер етіп қоймайды, сонымен қатар оның құрылымдық бөлімшелеріне салынған қаржы мен капиталдың тиімділігін қамтамасыз етуге және экономиканың күрделі даму тұсында, әрі бәсекелестіктің қатаң жағдайында бос қаражаттарды бизнеске салуда тәуекелділікті барынша азайтуға және адын алуға мүмкіндіктер мен нақты орындалатын іс-әрекеттерді қалыптастыруға негіз болатынын айтқымыз келеді.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.С. «Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: «Білім», 1998. – 92 б.
- 2 Адамов Н.А., Тилов А.А. Бюджетирование в коммерческой организации. Краткое руководство. – СПб.: Питер, 2007. – 144 с.
- 3 Энтони Р. Бизнес-планирование: учебник / Р. Энтони, Д. Рис. – М.: Финансы и статистика, 2009. – 816 с.
- 4 Основы бюджетирования и больше / пер. с англ. Джай К. Шим, Джойл Г. Сигел: под общ.ред. В.А. Плотникова. – М.: Вершина, 2007. – 368 с.
- 5 Бригхем Ю., Гапенски Л. Финансовый менеджмент. Полный курс: / пер. с англ; под ред. В.В. Ковалева. – СПб.: Институт «Экономическая школа», 2004. – 497 с.
- 6 Стоянова Е.С. Финансовый менеджмент – теория и практика: учебник. – 2003 (5-е изд.). – 656 с.
- 7 Бланк И.А. Управление прибылью: учебное пособие. – Ника-Центр, 1998. – 490 с.
- 8 Баканов М.И., Шеремет А.Д. Б19. Теория экономического анализа: учебник. – 4-е изд., доп. и перераб. – М.: Финансы и статистика, 2001. – 416 с.
- 9 Самочкин В.Н. Гибкое развитие предприятия: Анализ и планирование / В.Н. Самочкин. – М.: Дело, 1999. – 333 с.
- 10 Кеулимажаев К.К. Бухгалтерский учет в строительстве: учеб.пособ. – М.: Экономика, 2008. – 286 с.

References

- 1 Nazarbaev N.S. «Қазақстан-2030» El Prezidentiniң Қазақстан халқына Zholdauy. – Almaty: «Bilim», 1998. – 92 b.
- 2 Adamov N.A., Tilov A.A. Bjudzhetirovanie v kommercheskoj organizacii. Kratkoe rukovodstvo. – SPb.: Piter, 2007. – 144 s.
- 3 Jentoni R. Biznes-planirovanie: uchebnik / R. Jentoni, D. Ris. – M.: Finansy i statistika, 2009. – 816 c.
- 4 Osnovy bjudzhetirovaniya i bol'she / per. s angl. Dzhaj K. Shim, Dzhojl G. Sigel: pod obshh.red. V.A. Plotnikova. – M.: Vershina, 2007. – 368 c.
- 5 Brighem Ju., Gapenski L. Finansovyy menedzhment. Polnyj kurs: / Per. s angl. pod red. V.V. Kovaleva. – SPb.: Institut «Jekonomicheskaja shkola», 2004. – 497 s.
- 6 Stojanova E.S. Finansovyy menedzhment – teorija i praktika: uchebnik. – 2003 (5-e izd). – 656 s.
- 7 Blank I.A. Upravlenie pribyl'ju: uchebnoe posobie. – Nika-Centr, 1998. – 490 s.
- 8 Bakanov M.I., Sheremet A.D. B19. Teorija jekonomicheskogo analiza: uchebnik. – 4-e izd., dop. i pererab. – M: Finansy i statistika, 2001. – 416 s.
- 9 Samochkin V.N. Gibkoe razvitie predpriyatija: Analiz i planirovanie / V.N. Samochkin. – M.: Delo, 1999. – 333 s.
- 10 Keulimzhaev K.K. Buhgalterskij uchet v stroitel'stve: ucheb.posob. – M.: Jekonomika, 2008. – 286 s.